



ОМАН СҰЛТАНЫНА ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің және Қазақстан халқының атынан Хайсам бен Тариқ Әл Саид пен оның отандастарын Оман сұлтандығының төл мерекесі – Ұлттық күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхатында Оман Қазақстанның араб әлеміндегі сенімді серіктесі саналатынын айтты. Сонымен қатар екіжақты қарым-қатынас қос халықтың игілігі үшін дами беретініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Хайсам бен Тариқ Әл Саидтің аса жауапты қызметі мен барлық бастамасына табыс, ал Оман халқына құт-береке тіледі.

НАРЫҚ

РЕЙТИНГ ТҰРАҚТЫ БОЛСА ДА, ТАБЫС ТӨМЕН

Халықаралық валюта қоры биыл Қазақстан экономикасының даму болжамын 3,5% деңгейінде қалдырды. Сондай-ақ әлемдік экономиканың қазан айындағы шолуында қор еліміз 2025 жылы 4,6% экономикалық өсімге қол жеткізбек деп мәлімдейді. Бұл шілде айындағы болжаммен сәйкес келеді. ХВҚ Қазақстандағы орташа жылдық инфляция 2024 жылы 8,6%-ға дейін төмендейді деп есептейді. Былтыр ол 164,6% деңгейінде еді. Сонымен қатар халықаралық ұйым сарапшылары елімізде 2025 жылғы инфляция 7,2%-ға дейін баяулайды деген оң долбар жасап отыр.

→ 3



БҮГІНГІ НӘМІРДЕ:

АРЫЛМАЙ ТҰР ЖОЛ АЗАБЫ

Батыс Қазақстан облысында соңғы жылдары жол құрылысы өте қарқынды жүріп жатыр. Биыл жолшылар жыр болған Жәнібек пен Орда жолын тапсырды әйтеуір.



→ 4

«ЕРТЕ КӨКТЕМ» – САНЖАРДЫҢ САРА ЖОЛЫ

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ мәдениеті мен руханиятының даму дәуірін суреттейтін «Ерте көктем» атты телехикаяны өмірге әкелді.



→ 8

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СЕРБИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевты Белград әуежайында Сербия Президенті Александр Вучич қарсы алды.



Қазақстан Президентінің бортын Сербия аспанында осы елдің әскери әуе күштерінің ұшақтары алып жүрді. Сапар барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер өтеді. Мемлекеттер

басшылары екі елдің саяси, сауда-экономика, көлік-логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ынтымақтастығының перспективаларын талқылайды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екіжақты келісімдерге қол қойылмақ. Сонымен қатар Сербияның Премьер-министрі Милош Вучевичпен кездесу жоспарланған.

БАСЫНАН БҰЛТ АРЫЛСА «БОЛАШАҚТЫҢ»...

«Болашақ» бағдарламасы қатаң сынға қалды. Сенаторлардың пікірінше, жоба кей жағдайда эмиграция құралына және білім туризміне айналып кетті. Түлектерінің үлкен бір бөлігі шетелде қалады. Ғылым министрлігі олардың Отанға оралмауына заңды мүмкіндік беретін реформаны бастады.

39 ТҮЛЕК ДҮНИЕ САЛДЫ

Үкіметтің ресми дерегінше, 1993 жылғы Президент Жарлығымен тағайындалған «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында жалпы саны 12643 маман шетелдегі оқуын аяқтады. Бүгінде олар елде мемлекеттік қызмет, білім және ғылым, медицина, биохимия, өндіріс және инженерия сияқты әртүрлі саланы дамытуға үлес қосып жатыр.

30 жылдан астам уақыт ішінде бағдарлама тоқтаусыз реформаланып, жетілдірілді, еңбек нарығының талаптарына, мемлекеттің сұранысына сай деп көптеген өзгеріске ұшырады. Оның бәрін термелесе, тұтас томдар шығады. Бастысы ол емес, маңыздысы – сол реформалардан мемлекетке пайда, елге қайтарым, экономикаға қайыр бар ма?



Үкімет басым мамандықтар тізімін жыл сайын өзектілендіретін. Енді ол тізім жойылып, орнын басым бағыттар басты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Болашақ» бағдарламасының негізгі, басым бағыттары ретінде инженерлік, техникалық және

медициналық мамандықтар айқындалды. Яғни, бағыт дұрыс, оған жету тиімділігі қандай? Сарапшылар елде басқа түгіл бүкіл басым салада маман тапшылығы күшеймесе, жойылмағанын айтады.

(Жалғасы 5-бетте)

БАСПАСӨЗ-2025



АІQYН

АІQYН республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



АҚПАРАТ

19 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛУЫ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫН ТЕЖЕЙДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қостанай облысы мәслихатының депутаттарымен және жергілікті жұртшылықпен кездесті. Кездесулерде Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың облыста іске асырылу барысы және Сенаттың өңірлерді дамытуға ықпал ету бағытында мәслихаттармен бірлескен жұмысы туралы мәселелер талқыланды. Сондай-ақ палата Спикері машина жасауды дамытудың заңнамалық негіздері тақырыбына арналған дөңгелек үстелге қатысты және өңірдегі шойын құю, автомобиль зауыттары мен басқа да ірі кәсіпорындардың ұжымдарымен кездесті.

Мәулен Әшімбаев дөңгелек үстелге қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, Мемлекет басшысы елімізде сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін маңызды міндеттер жүктегенін атап өтті. Осы орайда өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде жоғары шекті және қосылған құны жоғары сектор ретінде машина жасау саласы ерекше рөл атқарады. Сондықтан отырыс барысында машина жасау ісіндегі өзекті проблемалар көтерілді. Олардың қатарында қолжетімді әрі ұзақмерзімді қаржыландырудың болмауы, шикізаттың қымбаттығы, импортқа тәуелділік, өндіріске жаңа технологияларды енгізу сияқты мәселелер бар. Аталған түйткілдерді оң шешу үшін алдымен барлық мүдделі тараптың күш-жігерін ортақ іске жұмылдыру қажет.

«Қолжетімді әрі ұзақмерзімді қаржыландырудың жеткіліксіз болуы машина жасау саласының дамуын тежейді және оның әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермейді. Бұл жабдық жаңғыртуға, жаңа технологияларды енгізуге және шығарылатын өнім желісін кеңейтуге инвестиция салу үшін маңызды. Тағы бір мәселе — алюминий, мырыш, мыс, қорғасын сияқты жеткізілетін шикізаттың қымбат және шектеулі болуы. Олардың тізімін кеңейту керек. Сондай-ақ бірқатар компания импорттық жабдықтар мен техника сатып алуды жөн көреді. Бұл елден капиталдың кетуіне әкеліп соғады және өздерінің өндірістік қуатының дамуын тежейді. Осы мәселелерді шешу үшін біз заңдарға толықтырулар енгізу мәселесін қарастырамыз. Бұл істе отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сатып алу жүйесін жетілдіру және қазақстандық тауарларды ішкі нарықта белсенді ілгерілету де маңызды шара екенін атап өткен жөн», — деп, Мәулен Әшімбаев Сенат жанында арнайы жұмыс тобы бар екенін тілге тиек етті. Оның аясында отандық машина жасау саласын дамытуға арналған идеялар мен ұсыныстар жан-жақты зерделенеді және олар тиісті заң әзірлеу кезінде ескеріледі.

Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарымен және өңір жұртшылығымен кездесу барысында Қостанай облысының өнеркәсіптік әлеуетіне назар аударып, Сенат депутаттары оны іске асыруға заңнамалық деңгейде қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Атап айтқанда, іс-шарада өнеркәсіптік,

индустриялық өндірісті ұлғайтуға және аграрлық секторды дамытуға арналған жобаларды қолдау мәселесі кеңінен сөз болды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамытудың маңызды екенін айтты. Қостанай облысы аймарлықтай өнеркәсіптік әлеуетке ие. Оның ішінде тау-кен және машина жасау салалары ерекше рөл атқарады. Өңірде көптеген маңызды индустриялық жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Қостанай облысының шаруалары елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және дәнді дақылдардың жоғары өнімділігіне қол жеткізуге елеулі үлес қосып келеді. Алдағы уақытта Парламент Сенаты тарапынан облыстың одан әрі дамуына қолдау көрсетуді жалғастыра береміз», — деді палата Төрағасы.

Сонымен қатар кездесуде Мемлекет басшысы Мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында айтқан бастамаларды тиімді іске асыру үшін барлық деңгейдегі депутаттардың өзара іс-қимылын нығайту маңызды екеніне баса мән берілді. Мәулен Әшімбаев әріптестерін Парламенттің заңнамалық жұмысына белсенді қатысуға және өңірлердің белгілі бір мәселелерін шешу үшін тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеуге шақырды. Сондай-ақ ол ағымдағы сессияда депутаттық корпус Бюджет, Салық, Құрылыс, Су кодекстерімен, Банктар туралы жаңа заңмен және Цифрлық кодекспен жұмыс істейтінін айтты.

Сонымен қатар сапар аясында Сенат Төрағасы KIA автомобильдерін шығаратын зауыт құрылысының барысымен танысты. Одан бөлек, KamLitKZ ЖШС темір құю зауытына, «СарыарқаАвтоПром» және AGROMASH кәсіпорындарына арнайы барды.

Сенаторлар балаларға арналған «Iqostanay» SMART-орталығының шәкірттерімен де кездесті. Онда қазір екі мыңға жуық оқушы қосымша білім алып келеді. Орталықта 24 үйірме жұмыс істейді және заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған киберспорт, инженерия, авиамоделдеу кабинеттері, химия және физика зертханалары, жанарылатын энергия көздеріне арналған зертхана, акт, оқу және хореография залдары бар.

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІСТЕ АСТЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаевтың жетекшілігімен биылғы астықты сақтау және өткізу мәселелері туралы кеңейтілген отырыс өтті. Жиынға Мәжіліс Төрағасының орынбасары Альберт Рау, Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин және жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.



Отырысты ашқан Серік Егізбаев өткен аптада ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жаһандық және ішкі сын-қатерлер тұрғысынан саланы дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ауқымды міндеттер қойғанын еске салды. Сондай-ақ депутат агроөнеркәсіп кешенінің мәселелері фермерлермен тұрақты түрде комитет отырысында талқыланып, 13 қарашада өткен жалпы отырыста Үкіметке тиісті депутаттық сауал жолданғанын айтты. Онда шұғыл шешімді қажет ететін бірқатар мәселе қамтылған.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров өз сөзін тақырып аясындағы сауалдарға жауап беруден бастады. Ол өткен жұмадағы ауыл шаруашылығы қызметкерлері форумында Мемлекет басшысы «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» арқылы нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін фермерлерден астық сатып алуды ұйымдастыруды тапсырғанын айтты.

— Осы тапсырманы орындау мақсатымен бүгін Азық-түлік корпорациясы сатып алу бағасын бөлініп, алғашқы 155 мың тонна астықты сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар корпорация астық бағасының күрт төмендеуіне жол бермеу үшін фермерлерді ірі келісімшарттар жасауға жұмылдырып жатыр. Қазіргі таңда консолидация нәтижесінде 20 млн АҚШ долларына бес экспорттық келісімшарт жасалды, — деді министр.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына берілген несиенің мерзімін ұзарту мәселесіне қатысты министр бүгінде шаруалардан 5,1 миллиард теңгеден астам несиеге 119 өтініш келіп түскенін айтты. Бұл ретте әр жағдай жеке-жеке қаралады, жаппай ұзарту қарастырылмаған.

Сонымен қатар Айдарбек Сапаров субсидиялар бойынша қарыздарды өтеу белгіленген кестеге сәйкес жүргізілетінін атап өтті. Әкімдіктердің дерегіне сүйенсек, қосымша субсидия қажеттілігі 256 млрд теңгені құрайды. Алайда «күту тізімінде» жалпы сомасы 194 млрд теңге болатын мақұлданды өтінім тұр. Оның ішінде 56 млрд теңгесі — өсімдік шаруашылығына, 20 млрд теңгесі — мал шаруашылығына, 118 млрд теңгесі — қаржы құралдарына бағытталған.

— Субсидия — өте маңызды әрі ауқымды мәселе. Субсидиялар заманауи технологияларды, тыңайтқыштарды, гербицидтерді қолданатын, техника сатып алатын алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға берілуі керек. Бірақ жылдар бойы мұндай шаруашылықтар субсидия ала алмаса, тауы шағылады. Сондықтан осы мәселені шешіп, субсидия бойынша қарызды толық өтеу маңызды деп есептеймін, — деді Мәжіліс депутаты Еркебұлан Мәмбетов.

Депутаттар өз тарапынан басқа да ұсыныстар айтып, жауапты мемлекеттік органдарға нақты сұрақтар қойды. Атап айтқанда, астықты сақтауды цифрландыру, тасымалдау шығындарын субсидиялау, аймақтық логистикалық хабтар құру, қант қызылшасын өткізу, күнбағысты экспорттау және басқа да мәселелер көтерілді.

Жиын соңында Серік Егізбаев кеңейтілген отырыста фермерлерден келіп түскен мәселелер бойынша ұсынымдар Үкіметке жеткізілетінін атап өтті.

— Ертенгі Үкімет отырысының қорытындысын күтеміз. Бүгінгі талқылаудың негізгі тақырыбы астық болғанымен, депутаттар көтерген барлық мәселе — қант қызылшасы, күнбағыс, күрішке қатысты сұрақтар Үкіметтің шешімінде ескерілсе екен дейміз, — деп түйіндеді комитет төрағасы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ



Астанада өткен WorldSkills Kazakhstan-2024 республикалық жұмысшы мамандықтар чемпионатының жеңімпаздарын марапаттау кезінде Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев осылай мәлімдеді.

«Жұмысшы мамандықтар жылы іс-шаралар өткізу жылы ғана емес, кәсіптік техникалық білім беру саласына дем беретін мемлекеттік тапсырмалар мен стратегиялардың шешімі. Премьер-министр Ұлттық құзырет орталығын құру туралы ұсынысты қолдады. Орталық — Астанада, өңірлерде аймақтық филиалы болады», — деді министр.

Алдағы уақытта WorldSkills чемпионатынан бөлек, AsiaSkills, EuropeSkills чемпионаты өтпек, келер жұмысшы мамандықтары жылын TurksSkills халықаралық чемпионаты қорытындылайды. Штаб пәтері Қазақстанда болады.

«Соңғы үш жылда жақсы нәтиже көрсетіп келеміз, Парижде өткен EuropeSkills чемпионатында күміс, қола медаль ұтып алдық, әлемдік чемпионатта 6 медаль бұйырды, енді Данияда өтетін чемпионатта алтын, күміс, қола медаль алып келуге жазсын», — деді Фани Бейсембаев.



ДОЛЛАР БАҒАМЫ 500 ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Қазақстан қор биржасындағы (KASE) сауда-саттық қортындысы бойынша 1 доллардың теңгеге шаққандағы бағамы өсті.

KASE қор нарығындағы күндізгі сауда қортындысы бойынша доллар бағамы 1,88 теңгеге қымбаттады. Бір АҚШ долларының орташа бағамы — 497,89 теңге.

Kurs.kz мәліметінше, қазіргі уақытта Алматының ақша айырбастау пункттерінде доллар 499 теңгеден сатылып жатыр, сатып алу бағамы — 500 теңге. Еуро 525-528 теңге аралығында құбылып тұр. Астана қаласы бойынша долларды

сату бағамы — 497 теңге, сатып алу құны — 501 теңге. Еуро 525 теңгеден сатылып, 531 теңгеден сатып алынады. Дәл қазіргі уақытта ақша айырбастау орындарында Ресей валютасы 4,95-5,05 аралығында саудаланып жатыр.

Ұлттық банктің 18 қарашаға арналған ресми бағамы 1 долларға — 495,95 теңге. Ресей рублінің орташа сараланған құны — 4,98 теңге. Еуро — 524,37 теңге.

Мәжілісте инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобасы таныстырылды. Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильяновтың жетекшілігімен өткен отырысқа депутаттар, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, Астана және Алматы қалаларының мәслихат депутаттары мен Парламентаризм институты, «Атамекен» ҰКП және «Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері қатысты.

Отырыста баяндама жасаған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі Қаныш Төлеушин Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркі мен «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қорын біріктіруді заңнамалық тұрғыдан реттеу ұсынылып отырғанын атап өтті.

— Бұл шаралардың негізгі мақсаты — инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың экожүйесін дамыту үшін синергияны күшейту. Осы блок шеңберінде «Инновациялық технологиялар паркі» бірыңғай дербес кластерлік қорында өкілеттіктерді біріктіру, функцияларды нақтылау, негізгі ұғымдарды түзету және басқаруды онтайландыру көзделген. Барлық өзгеріс заңнаманы жана құрылымның қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге бағытталған. Осы блокты іске асыру қолдау құралдарын шоғырландыруды, қайталанатын функцияларды

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ



жоюды, 2025 жылға қарай тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және ақпараттық технологиялар саласындағы Astana Hub табысты тәжірибелерінің аясын басқа инновациялық бағыттарға дейін кеңейтуге мүмкіндік береді, — деді К.Төлеушин.

Вице-министрдің айтуынша, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін республикалық бюджеттен бөлінген

қаражат пен Технопарк қатысушыларынан түскен алымдар Astana Hub-ты қаржыландырудың негізгі көздері болып саналады. Қор коммерциялық емес ұйым болғандықтан, заң жобасы «алымдар мен төлемдер» терминін олардың нақты мақсатын көрсететін «мүшелік жарналарға» ауыстыруды ұсынады. Бұл өзгерістер елдің мемлекеттік тапсырмаға арналған шығыстарын қысқартуға және Astana

Hub-тың өзін-өзі ақтауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл қатысушыларға тұрақты қолдау көрсетуге және елдің экожүйесін дамытуға жол ашады.

Заң жобасының тағы бір бөлігі ақпаратқа және қолдау шараларына орталықтан-дырылған қолжетімділікті қамтамасыз етуге, ғалымдар, инноваторлар, мемлекеттік органдар, бизнес, жер қойнауын пайдаланушылар және халықаралық серіктестер

арасындағы өзара іс-әрекетті күшейтуге бағытталған.

Отырыста венчурлық капитал нарығын одан әрі дамытуға қатысты заңнамалық бастамалар да қарастырылды. Венчурлық қорларды бірлесіп қаржыландыру тиімділігін олардың активтерінің табыстылығына, яғни жобалар портфеліне негізделген бағалау маңызды норма ретінде енгізілмек. Бұл қазақстандық инновациялық саясатты дамыған экономикалардың тәжірибелерімен салыстыруға, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, стартаптар мен инновацияларды қолдауды күшейтуге және жоғары технологиялық салаларға қосымша инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Талқылау барысында депутаттар отандық және халықаралық IT-компаниялар үшін Astana Hub резиденттеріне арналған салық жеңілдіктері, венчурлық қорларды дамыту, технопарктің тиімділігі және басқа да мәселелерге назар аударды.

Отырыс барысында Astana Hub технопарк қызметінің ашықтығына қатысты бірқатар ескерту айтылды. Депутат Анас Баққожаевтың айтуынша, технопарк шамамен 10 жыл бұрын құрылғанымен, осы уақыт ішінде қойылған міндеттер орындалмаған. Бұл сұраққа жауап берген Қаныш Төлеушин қазір Astana Hub-та 1,5 мың резидент жұмыс істейтінін, оның 400-і шетелдік компаниялар екеніне тоқталды. Технопаркті қолдауға жыл сайын шамамен 4 миллиард теңге бөлінеді, оның жартысы жалға алу ақысын өтеуге жұмсалады.

— Егер біз жұмыс орындарын құру, әлеуметтік салықтарды төлеу, IT салаға инвестициялар тарту, экспорт сияқты қызмет нәтижелеріне қарасак, Қазақстан оң нәтиже көрсетіп отыр, — деді К.Төлеушин.

Жиын барысында айтылған ұсыныстар депутат Айтуар Қошмамбетов жетекшілік ететін жұмыс тобында қаралатын болады.

Ә.САМАТҰЛЫ

Халықаралық валюта қоры биыл Қазақстан экономикасының даму болжамын 3,5% деңгейінде қалдырды. Сондай-ақ әлемдік экономиканың қазан айындағы шолуында қор еліміз 2025 жылы 4,6% экономикалық өсімге қол жеткізбек деп мәлімдейді. Бұл шілде айындағы болжаммен сәйкес келеді. ХВҚ Қазақстандағы орташа жылдық инфляция 2024 жылы 8,6%-ға дейін төмендейді деп есептейді. Былтыр ол 164,6% деңгейінде еді. Сонымен қатар халықаралық ұйым сарапшылары елімізде 2025 жылғы инфляция 7,2%-ға дейін баяулайды деген оң долбар жасап отыр.

Көмила ЕРКІН

World Economic Outlook: Policy Pivot, Rising Threats шолуында ХВҚ мамандары 2024-2025 жылдарға арналған әлемдік инфляция сәйкесінше 5,8% және 4,3% болмақ деген тоқтама келген. Ал әлемдік экономика өсімі 3,2% деңгейінде өзгеріссіз қалып отыр.

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА АХУАЛЫ

Шикізат экспортына тәуелді ел ретінде біз үшін баға болжамы маңызды екені даусыз. Бұл тұрғыдан ХВҚ биылғы мұнай бағасының баррелін 81,29 доллар деп бағалайды. Бірақ келер жылы ол 10,4%-ға төмендеп, 72,84 долларға дейін арзандауы мүмкін екенін атап өткен.

«Жалпы инфляцияға қарсы жаһандық күрес оң нәтиже көрсетті. Дегенмен бірқатар елде баға қысымы әлі де сақталып қалады. 2022 жылдың III тоқсанындағы жылдық инфляция шыңы болған 9,4% көрсеткіштен кейін бұл көрсеткіш бүгінде 3,5%-ға дейін төмендеуі керек» делінген шолуда. Сонымен қатар ХВҚ жаһандық тәуекелдерге тоқталып өткен. Олар: аймақтық қақтығыстардың күшеюі, Қытай экономикасының тежелуі және протекционизм.

Ал ТМД елдері аумағынан Беларусь экономикасының өсуін 2024 жылы 3,6%-ға, ал 2025 жылы 2,3%-ға дейін жақсартты. Қырғызстанда 2024 жылы 6,5%-ға, ал 2025 жылы 5%-ға өседі деп болжануда. Әзербайжанның ЖІӨ 2024 жылы 3,2%-ға көтерілуі керек. Соның ішінде айтарлықтай өсімге қол жеткізуі мүмкін елдердің қатарында Грузия бар. Оның ЖІӨ бойынша өсімі 2024 жылы 7,6%-ға дейін, ал 2025 жылы алдыңғы шолуда 6%-ға дейін деп көрсетілген. ХВҚ сонымен қатар Түрікменстан экономикасының 2024 жылы 2,3% өсуін күтуде. Сонымен қатар ХВҚ Ресейде 3,6% өсім болады деп күтуде. Ал 2025 жылдың болжамын керісінше 1,3%-ға дейін төмендетті.

ОТАНДЫҚ ӨСІМНІҢ ӨЗЕГІ

Ал Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі еліміздің тәуелсіз кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде, яғни



РЕЙТИНГ ТҰРАҚТЫ БОЛСА ДА, ТАБЫС ТӨМЕН

«Тұрақты» деген болжамын сақтап қалды. Агенттік Қазақстанның халықаралық рейтингін қолдайтын басты себептердің бірі ретінде мұнайдан түскен қаражат жинақталған Ұлттық қор және алтын-валюта резервтерін көрсеткен. Бұл қорлар елге қаржылық қиындықтарға төтеп беруге мүмкіндік береді және оны рейтингтері ұқсас елдерден мықтырақ етеді.

ҚР Ұлттық қорының валюталық активтері мен ресми алтын-валюта резервтері ЖІӨ-нің 38% баламасына жетті. Бұған ықпал еткен негізгі фактор — 8,4% деңгейіндегі инвестициялық кіріс пен алтын бағасының өсуі.

Сарапшылар мұнай саласына тәуелділікті біртіндеп азайтуға ықпал ететін көлік және жаңартылатын энергия сынды секторларды дамыту бойынша жасалып жатқан қадамдарды айтты.



«Валюта бағамы да алғашқы жартыжылдықта Ұлттық қордан түскен қаражат көлеміне қатты тәуелді болды. Ал үшінші тоқсанда оның құбылмалылығы артып, іргелі факторларға әлсіз байланысы байқалды. Ұлттық банк үшінші тоқсанда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры үшін валюта сатып алғанымен, оның көлемі алдыңғы айларға қарағанда едәуір жоғары болды.»

Бұған қоса, Агенттік салыстырмалы түрде кең ауқымды қайталама санкциялар салудың тәуекелі төмен екенін атап өтті. Бұған дейін Азия Даму Банкі (АДБ) 2024 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің өсімі 3,6% болады деп болжаған. Сарапшылар оны елі-

міздің солтүстігіндегі көктемгі су тақынымен байланыстырған еді.

Ал отандық экономистер отандық сауда мен экономика салаларының өсуіне мемлекеттік шығындар әсер етіп отырғанын алға тартады. Себебі мемлекет бір жыл ішінде экономикаға айтарлықтай көп қаржы жұмсаған. Бұл шығындар жоспарланған деңгейден аспаса да, былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары деңгейде белгіленген. Мемлекет

түсуі тиіс негізгі салықтардың аз түсуі шығыстардың кірістерден асып түсуіне әкелді.

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ НЕГЕ ТӨМЕНДЕМЕЙДІ?

HalykFinance сарапшыларының пікірінше, экономиканы қолдау үшін мемлекет жоспарлаған шығындар негізгі салық түсімдерінен жоғары болған. Сондықтан мемлекет бюджет тапшылығын жабу үшін Ұлттық қордың қаражатын көбірек пайдалануға мәжбүр болды. «Үкімет жыл соңына дейін экономикаға түсетін қосымша 2 трлн теңге көлеміндегі трансферттер туралы хабарлады. Осылайша, салық түсімдерін жоспарлаудағы қиындықтар және жоғары мемлекеттік шығындар Ұлттық қордың мұнай қаражатын артығымен пайдалануға себеп болды. Жыл қорытындысы бойынша, экономикаға Ұлттық қордан түсетін қаражат 6 трлн теңгеге жетуі керек. Оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» АҚ акцияларын сатып алу шығындары да бар, бұл өткен жылғы рекордтық көрсеткіштерден асып түседі», — дейді сарапшы Мадина Қабжәлова HalykFinance есебінде.

Маманның пікірінше, бұл Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі одан әрі төмендету мүмкіндігін шектейді. Өйткені нақты мөлшерлеме инфляцияның төмендеуіне қарамастан әлі де жоғары деңгейде қалып отыр, бұл несие беру мен экономиканың өсуіне теріс әсер етуде. Үкіметтің шығынды көбейтуі инфляцияны арттырып жібере ме деген қауіп бар. Сондықтан Ұлттық банк экономиканы ынталандыру үшін пайыздық мөлшерлемесі төмендетпейді, себебі бұл инфляцияны бақылаудан шығарып жіберуі мүмкін.

«Валюта бағамы да алғашқы жартыжылдықта Ұлттық қордан түскен қаражат көлеміне қатты тәуелді болды. Ал үшінші тоқсанда оның құбылмалылығы артып, іргелі факторларға әлсіз байланысы байқалды. Ұлттық банк үшінші тоқсанда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры үшін валюта сатып алғанымен, оның көлемі алдыңғы айларға қарағанда едәуір жоғары болды. Алайда таза валюта сатылымы әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Соған қарамастан, теңге бағамы әлсіреп, нарық қатысушылары мен халықтың сенімін төмендетіп, инфляциялық күтілмді өсірді», — дейді маман.

Экономика өсуінің үшінші тоқсандағы оң динамикасына қарамастан, HalykFinance жыл соңына дейін 3,9% деңгейінде болады деп болжап отыр. Сарапшылардың айтуынша, оған таукен өндіру секторындағы әлсіз динамика мен сауданың тұрақсыз өсуі ықпал етуі мүмкін.

МЕМЛЕКЕТШІЛ МАМАНДАРДЫҢ ЖАҢА БУЫНЫН ДАЯРЛАҒАН МЕКЕМЕ



Биыл Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрылғанына 30 жыл толды. Елімізде ерекше мәртебесі бар бұл жоғары оқу орнының басты міндеті – мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру. Осы мерейтойлық күнге орай «Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет: бүгін мен болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ондағы мақсат – мемлекеттік қызмет жүйесіндегі адам ресурстарын басқаруға қатысты тың идеялар мен әдіс-тәсілдерді талқылау және тиімді практикалық шешімдерді іздеу.

Конференция ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзімен ашылды. Мемлекет басшысының құттықтауында «30 жыл уақыт аралығында академия еліміздің білім жүйесіндегі беделді оқу орындарының біріне айналды. Мемлекеттік

қызметшілердің біліктілігін шыңдау ісін жетілдіріп, оны жаңа деңгейге көтерді. Озық ойлы, отаншыл әрі кәсіби мамандар даярлаудың өзіндік дәстүрін қалыптастырды. Ел мүддесін бәрінен биік қойып, Әділетті Қазақстанды құруға атсалысу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті. Олардың адал, жанашыл әрі жасампаз болуы аса маңызды. Академия осы асыл қасиеттерді әр түлектің бойына сіңіріп, мемлекетшіл мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге зор үлес

қосып келеді. Мұның бәрі оқытушылар қауымының еселі еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз. Білім ордасының ұжымы алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет ете береді деп сенемін» делінген.

Конференцияға Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың басшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің, шетелдерден келген ғалымдар мен мемлекеттік сектор өкілдері, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшылары мен халықаралық сарапшылар, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Шара барысында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Президент жанындағы Академия өзінің 30 жылдық тарихында ғылыми базасы қалыптасқан, мемлекеттік басқару саласына қажетті мамандар даярлайтын толыққанды оқу ордасына айналғанын атап өтті.

«Академия өзінің 30 жылдық тарихында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін шыңдап, мемлекеттік қызметшілер арасында жоғары басқарушылық мәдениеттің қалыптасуына үлкен үлес қосып келеді. Әлемде өзгеріс қарқыны күшейіп, бәсекелестіктің артып отырғаны баршамызға мәлім. Уақыттың көшімен бірге жүру үшін ғылым-білімдегі озық әдістерге сай адам капиталын үздіксіз дамыту қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі әлі де өзектілігін атап өтті. Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтің сапасын одан әрі арттыра түсу үшін адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек екенін алға қойды. Бір ретте, оқу үрдісінде заман талабына жауап беретін инновациялық біліммен қатар жоғары адами құндылықтарға бастайтын «Адал

азамат» идеясын мемлекеттік қызметшілердің санасына орнықтыру маңызды», – деді МКІА төрағасы.

Конференцияға қатысушылар елімізде мемлекеттік қызметті жаңғыртуға бағытталған өзгерістер жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Мемлекеттік қызметтегі кадрлық процесстер «eQyzmet жүйесінде» цифрландырылды, конкурстық іріктеулердің ашықтығы мен әділдігі қамтамасыз етілді, соның арқасында бос лауазымдар конкурсына қатысушылар саны екі есе артты.

Президент айқындаған «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасына сай кәсіби әрі сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы аясында мемлекеттік қызметтің гибридіті моделіне көшу бойынша шаралар қабылданды.

Ғылыми-практикалық конференция аясында өзге мемлекеттердің мемлекеттік басқару академиялары ректорларының кездесуі және түлектер форумы өтті. Сонымен қатар сервистік және адамға бағдарланған мемлекеттік қызметті қалыптастыру, мемлекеттік басқарудағы заманауи үрдістер, кадрлық процестерді цифрландыру және мемлекеттік қызметтер көрсету, жасанды интелекті пайдалану, мемлекеттік қызметті кәсібилендіру мәселелерін талқылау бойынша секциялық отырыстар ұйымдастырылды.

Секцияларда баяндамашылар мемлекеттік басқару бойынша өз бастамалары мен көзқарастарын ортаға салып, мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту жөніндегі ойларымен бөлісті.

Іс-шара аясында мемлекеттік қызметтің кәсіби біліктілігін арттыруға үлес қосқан мемлекеттік қызметшілер мен Академия қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет» грамоталары, «Алғыс» төсбелгілері, Алғысхаттарымен марапатталды.

Конференция соңында МКІА төрағасы қатысушыларға мазмұнды баяндамалары мен тұжырымды ойлары үшін алғысын білдіріп, олардың алдағы уақытта Агенттік пен Мемлекеттік басқару академиясының жұмысында ескерілетіндігін айтып, Академия ұжымының алда атқарар қызметіне жемісті нәтиже тіледі.

Ә.МҰХАНБЕТ

АРЫЛМАЙ ТҰР ЖОЛ АЗАБЫ

Батыс Қазақстан облысында соңғы жылдары жол құрылысы өте қарқынды жүріп жатыр. Биыл жолшылар жыр болған Жәнібек пен Орда жолын тапсырды әйтеуір. Бұл екі аудан қаладан 500 шақырым қашықта жатыр. Жол азабын ең көп тартқан аудандар еді. Облыстан шалғай орналасқан Казталов, Бөкейордасы және Жәнібек аудандарына апаратын жолды жөндеу жұмысы 2019 жылы басталған еді. Ол үшін бюджеттен 80,1 млрд теңге қаржы жұмсалыпты. Аз ақша емес. Ал ол жолдың сапасы қандай болды? Әңгіме – осында!

Сапа демекші, батыста жол неге жиі тозады? Былтыр ғана жөнделген жол араға бір жыл салып ырым-жырымы шығады. Мұның сыры неде? Дұрыс маман жоқ па?

Біз осы жол құрылысына қатысты сұрақтарымызға жауап іздеп, осы салада бірнеше жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан мердігер компания басшысына келдік. Келе сала, «Жолшылар неге қара күзде, қыста асфальт төсегенді ұнатасыздар?» деп әзіл-шыны аралас сұрағымызды қойдық.

— Ақшаның бөлінген уақыты ғой. Біз Үкіметтен жолға қаржыны ерте бөлуді сұрап жүрміз. Өкінішке қарай, ол әзірге орындалмай тұр. Мысалы, ертең жыл басталады, ақпанда сессия өтеді. Одан қаржыны бөледі, ол қаржыны мемлекеттік сатып алуға салады, тендер ойнатылып, мердігер анықталғанша наурыз-сәуір болады. Ол ақша түскенше, маусым-шілде болады. Біз әзірге құрылысқа қажетті материалды тасып болам дегенше, тамыз-қыркүйек келеді. Міне, осындай ұзақ процестен өтеміз. Бізге бәрі «неге сендер күзде, қыста жол саласыздар» деп ренжиді. Бұған біз кінәлі емеспіз, — деп күледі ДСК «Приоритет» ЖШС-ның директоры Жанна Кенжина.

Материал демекші, біздің облыста жол салуға арналған бірде-бір материал жоқ. Біздің жолшылар бәрін сырттан тасымалдайды. «Материалдың болмауы бірінші кедергі» дейді жолшылар.

— Ең бірінші себеп — ақша кеш бөлінеді. Жазда вагондар бос болмайды. Бізде жол құрылысына арналған ештеңе жоқ. Біздің облыста тек құм бар. Қалған материалдың бәрін сырттан әкелеміз. Негізі, жол құрылысына материал тасу үшін қысқы уақытты пайдалану керек. Мысалы, қыста вагондар бос, заводтарда жүктеме аз. Олар біз сұраған материалды еркін тиіп жібере алады. Сосын жазда Ақтаудан, Ресейден, минералды қоспаларды Қызылорда, Алматыдан әкелеміз. Бізде тек құм ғана бар. Сол құмның өзін ала алмай қаламыз. Мысалы, биыл су тасқыны кесірінен карьерлердің бәрін су басып кетті. Біз сол құмға жете алмай қалдық қой. Осыдан кейін енді не сұрайсыз? Бір вагонға 68-70 тонна тиейміз. Бұрын вагондардың тасымал тарифы арзан еді. Қазір оны да көтеріп жіберді. Бізде жол құрылысынан көрі материалды әкеліп, жеткізіп алу екі есе қымбатқа шығады, — деп қынжылады Жанна Кенжина.

ДСК «Приоритет» ЖШС 2011 жылдан бері жол құрылысында жүрген ірі

компаниялардың бірі. Тек биылғы жылы 60 шақырымнан астам жол жөндеген. Жол салушы мамандар мәслихат депутаттарына «Қаржыны ерте бөлуді қарастырыңыздаршы» деп бірнеше мәрте құлаққағыс етіпті. Бірақ әзірге нәтиже жоқ.



Мысалы, Орал қаласының өзінде 2023 жылы жол жөндеу жұмысына 7,8 млрд қаржы жұмсалған. Бұл ақшаға қаладағы 70 шақырым жолға жөндеу жүргізіпті. Ал биыл жол жөндеуге деп бюджеттен 7,3 млрд қажы жұмсалған. Бұл туралы Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов қалалық маслихаттың сессиясында айтты.

— 2024 жылы 41 көшеге, яғни 57 шақырым жолға жөндеу жүргіздік. Ол үшін бюджеттен 7,3 млрд қаржы қарастырдық. Осының арқасында қала көшелерінің 81 пайызы асфальтталған деп айта аламыз. Қала аумағының үлкеюіне байланысты жаңа шағынаудандарда әлі жол жоқ. Дәл осы шағынауданның халқынан арыз-шағым өте көп түседі. Біз алдағы екі жылда 10 млрд теңгеге 47 жобаны жоспарлап отырмыз. Мұның ішінде 36 көшенің жолын жаңғырту, 7 көшеге орташа жөндеу жүргізу, 3 көшеге күрделі жөндеу жүргізсек, бір көшеге жөндеу жүргізілетін болады. Осы жұмыстарды сәтті аяқтасақ, қала көшелерінің 90 пайызын асфальттаймыз, — делі қала әкімі өз сөзінде.

Мінекей, алыс аудан, ауылдарды айтпаған күнде де қаланың өзінде жол жоқ көшелер бар. Сәл жауын жауса, ауыл түгілі қаланың өзінде батпаққа батып жатамыз. Бірақ әкімдер «Жол салып жатырмыз, жол салып жатырмыз» деуден шаршамайды. Біз қоғамдық кеңестің мүшесі Азамат Мусиловті сөзге тарттық. «Облыста жол өте көп салынады, неге

сапасы төмен?» деген сұрақты қоғамдық кеңес мүшесіне қойдық.

— Жол сапасы неге түзелмейді? Мұның жалғыз себебі — жемқорлық. Жол құрылысына деп бөлінген қаржы сол жұмысқа жетпейді. Ақша бөлінген бойда ұрланып бастайды. Тіпті, мердігерге де жетпейді. Неге? Себебі бұл салада жемқорлық көп. Ал мұнымен құзырлы мекемелер айналысуы керек, оларға сұрау салсаңыз, сол Жол басқармасының берген есебі бойынша баяндайды. Негізі прокуратура, аудит деген ұйымдар жол құрылысы басқармасының сөзіне сенбеу керек, тәуелсіз тексеріс жүргізуі керек. Анықтау керек, ақша қайда кетіп жатыр? Егер осы ұйымдар сол салынған жолдарды тексерсе, бөлінген қаржыдан 50 млрд

жерге орташа жөндеу жасай салу. Әрине, мұның салдарын халық тартады. Жол апаты да көп болады. Жол сапасы жақсармаған соң апат та көбейеді.

БКО-да 2024 жыл басталғалы 1 038 жол апаты тіркелген. Осы жол апатынан 89 адам қайтыс болып, 1 517 адам жарааланған. Полиция «Жолда дұрыс жүрмейді» деп көлік жүргізушілеріне кінә артады, ал көлік тізгіндегендер «Жолдың сапасы нашар, жолдағы шұңқырдан қашамыз деп түйсініп жатырмыз» деп ақталады. Ал жол құрылысына жауапты мекемелер болса, орташа жөндеумен шектеліп жүр. Шекпенділер орташа жөндеу жүргізуге неге құмар? Олар бұдан не ұтады?

— Бұл — сыбайластық. Күрделі жөндеу жүруі керек жолға орташа жөндеу жүргізу

деген сөз — халықты алдап, бетін сипап кету деген сөз. Бізде басшыны таза іскерлігіне қарап бағаламайды. Кім қаржыны көп үнемдейді, сол жақсы әкім болып есептеледі. Мысалы, бір жолға 5 млрд бөлді дейік, содан 50 млн үнемдесе, сол басшы жақсы деген сөз. Егер «5 млрд сапалы жолға жетпейді, дұрыс жол саламын, тағы 2 млрд ақша керек» деп ақша сұраса, оны іске ебі жоқ басшы деп шығады. Орташа жөндеу жүргізудің себебі — осында. Басшылар бұл жолға күрделі жөндеу керек деп ақша сұрауға қорқалды. Одан да өтірік бетін сипап, халықты алдап қойған тиімді. Бұл тек тапсырыс беруші мекеменің кінәсі емес. Екіншіден, сол жолды бақылаудан өткізген, құрылысқа рұқсат берген бақылаушы мекемелердің де кінәсі. Ұлттық сапа орталығы бұл жолға күрделі жөндеу керек деп неге айтпайды? Неге орташа жөндеуге келісім береді? Неге олар өз жұмыстарына сапалы қарайды? Міне, бар ғөп осында, — дейді Азамат Мусилов.

Жол активтерінің сапасы Ұлттық орталығы — БКО-дағы жол сапасын тексеретін жалғыз мемлекеттік мекеме. Басқа жеке мекемелер де бар. Бұл орталыққа қатысты да сын көп.

Сөзіміз дәлелді болсын деп, Жанна ханымнан сұрадық.

— Біз Аксай-Федровка тасжолының бір бөлігіне жөндеу жүргізетін болып тендерді ұтып алдық. Кейін құрылыс жұмыстарын бастау үшін жолды қарауға бардық. Бізге қаржыны орташа жөндеу-

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



БАСЫНАН БҰЛТ АРЫЛСА «БОЛАШАҚТЫҢ»...

(Басы 1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

«Болашақтықтардың» үлкен бөлігі орыс тілінен баскасы оң жамбасына келмейтіндіктен, Ресей мен Беларусь ЖОО-ларын тандап келген. Халықаралық санкциялардан кері кеткен әрі Болон процесін тәрк еткен бұл елдер заманауи білікті маман әзірлейді дегенге сену қиын. Сондықтан Үкімет шетелдік ЖОО-ларға, сондай-ақ үміткерлердің ағылшын тілін білу деңгейіне қойылатын талаптарды күшейтуге кірісті.

Мысалы, «болашақтықтарға» бұдан былай АҚШ пен Ұлыбритания ЖОО-лары арасынан тек жаһандық TOP-10 тізіміне кіретінін тандауға рұқсат. Қалған ел, соның ішінде ТМД бойынша оның жоғары оқу орнының QS WUR, THE және басқа әлемдік үздік университеттер рейтингіінің екеуінің (by subject) TOP-20-сына қатар кіруі талап етіледі. Ресейлік оқу орындары «жиырмалыққа» енбек түгіл шетелдік рейтингтерден аластатылып жатыр. Ендеше оларға «Болашақ» бағдарламасы қаражаттың шығындау да табиғи түрде тоқтауы мүмкін.

Қазір «Болашақ» аясында жалпы саны 16 024 адамға стипендия тағайындалыпты. Жоғарыда айтылғандай, 12 643 түлегі жатжұрттағы оқуын тәмамдады. Тағы 1 166 адам оқуын жалғастырып жатыр. Баскасы қайда? Бір қызығы, 1 060 адам осы президенттік стипендияны иеленіп тұрып, одан өз еркімен бас тартыпты. Өйткені, мысалы стипендияны алу үшін құны жоғары жылжымайтын мүлік сияқты кепілзат ұсыну керек. Осы бас тартқандар арасында 57 «болашақтық» оқуын бастап қойды және оқыған кезеңдегі мемлекет шығынын өтеуі қажет, бірақ өтемей, 57-сі де «борышкер» қамытын тағып жүр.

Мұның сыртында 922 адам шетелде кадр даярлау жөніндегі республикалық комиссия шешімімен стипендиясынан айырылды. Оның ішінде 347-сі мемлекетке қарыз. 200-елі адаммен арада стипендия тағайындау келісімін бекіту рәсімдері жалғасқан. «Болашақтың» 39 стипендиаты қайтыс болған.

ЕНБЕКПЕН ӨТЕУ ЖАЗА МА?

«Болашақ» бағдарламасы айнала-сындағы дау-жанжалдың біразы «оқуын кейіннен енбекпен өтеумен» байланысты. Ресми деректердің өзі қатпар-қатпар былықтың қордаланғанынан хабар береді. Үкіметтің мәліметінше, бүгінде оқуын түгескен 12 643 түлектің 9 648-і ғана өзін даярлауға бюджеттен жұмсалған қыруар шығынды 3-5 жылғы енбегімен өтеп болған. Тағы 2 894 түлектің енбекпен өтеуі мониторингке алынды. 101 «болашақтық» өтеуін кейінге қалдыруға қол жеткізді.

Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, 1 мыңнан астам «болашақтықтың» енбекпен өтеуден жалтару фактісін тексеріп жатыр. Соның барысында 532 тұлғаға қатысты ресми хабарлама бағытталған. Жұмыс орнынан берілген 1 305 «болашақтықтың» анықтамасы қайта тексерілген.

2023 жылы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» (ХБО) жүргізген осындай тексерістердің қорытындысында шетелде кадр даярлау жөніндегі республикалық комиссия енбекпен өтеу талаптарын бұзғаны үшін тағы 37 түлекті бұрын алған стипендиясынан айырды. Олардан 1 миллиардқа жуық (941,5 миллион теңге) қаражат өндіріп алынғуға тиіс.

Жақында бұрынғы басшылар тұсында жүзеге асырылған тағы бір заңсыз схема әшкереленді. Мысалы, ел шығынын енбегімен өтегісі келмейтін, шетелде қа-

латын «болашақтық» кепілзатын — өзінің не ата-анасының баспанасын кепіл-бұғаттан босатып алып, тайып тұрады да, мемлекетті тақырға отырғызады.

Тек кейінгі тексерістер нәтижесінде «Болашақ» стипендиятының міндеттемесін орындамағанына қарамастан, оның жылжымайтын мүлкінен ауыртпалықты заңсыз алып тастаудың 4 фактісі анықталды. Оның екеуі бойынша жалпы сомасы 72,5 миллион теңге қарызды мәжбүрлеп өндіріп алу туралы сот шешімі шықты. Қалған екеуі бойынша дауды сотқа дейінгі реттеу рәсімі жүргізілуде екен. Осы екі стипендиат өздерін оқатуға бюджет шығындаған жалпы құны 68,9 миллион теңге қаражатты өз еркімен қайтаруға тиіс.

Сондай-ақ «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының бұрынғы басшысының (аты-жөні жарияланбады) үстінен қылмыстық іс қозғалғаны мәлім болды.

Тұтастай алғанда, комиссия шешімімен президенттік стипендиядан айырылған 344 және одан өз еркімен бас тартқан 60 «болашақтықтың» мемлекет алдындағы қарызы 6,6 миллиард теңгеден асты. Оның ішінде 2023 жылы бюджетке 1,7 миллиарды ғана өндірілді. 2024 жыл қорытындысында тағы 1,4 миллиард теңгесі қайтарылады деп күтіледі.

Сенатор Андрей Лукиннің айтуынша, «Болашақ» шығын әкелетін бағдарламаға айналды. ХБО-ның қызметі де шығынды.

— ХБО бос қаражатты банктердің депозиттеріне салып, тәуекелді мәмілелер жасасқан. Мысалы, 2018 жылы Астана банкі мен Qazaq Bank дефолт болғанда, бағдарламаға бюджеттен бөлінген 1 миллиард теңгеден астам қаржы жоғалып кетті. Орталықтың шетелдегі өкілдіктерінің жұмысы да тиімсіз. Оларға кететін бюджет шығыстары орынсыз, өзін-өзі актамайды. Бұған бюджеттен 400 миллионға жуық теңге жұмсалды. Мұның бәрі «Болашақтың» оқу бағыттарының өз мақсатына жетпейтінін куәландырады. Түлектері алған мамандығымен жұмыс істемейді, бағдарлама кей жағдайда шетелге эмиграциялану қураылына, білім туризміне айналды, — дейді сенатор Андрей Лукин.

Ал Ғылым және жоғары білім министрлігінің түсіндіруінше, Qazaq Bank АҚ-ының ХБО алдындағы қарызы толық өтелді. «Астана банкі» АҚ-ға салынған қаржысы қайтпаған. Бұл банктен қаржысын қайтарғысы келетін санаттардың (жеке, заңды тұлғалар, салықшылар, мемлекеттік органдар, өнім берушілер және басқасы) арасында ХБО тек 6-шы қатардағы кезекке енгізіліпті. Демек, оған ештеңе тимеуі мүмкін.

Орталықтың пайдасы шамалы, тек делдал, кеңес беруші қызметін атқарған шетелдегі өкілдіктеріне онтайландыру жүргізілді. Нәтижесінде, шетелде тек 1 өкілдігі қалды, ол АҚШ-та. Себебі сонда қазіргі стипендиаттардың 50%-дан астамы оқып жатыр.

ҚАЙТПАЙ ҚАЛҒАН ТҮЛЕКТЕР ОРАЛМАЙДЫ

Шетелден оралмаған «болашақтықтардың» көбеюі халықтың да, халық қалаулыларының да қанын қайнатып, ызасын қалтірді. Парламент депутаттары Үкіметке «Болашақ» бағдарламасын тоқтатуды талап етіп, сауал жолдады. Оқығысы келген адам өз есебінен оқысын дейді олар.

Кезінде өзі де Халықаралық бағдарламалар орталығын (2010-2013) басқарған, қазіргі Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек басқа жолды ұсынды. Оның ведомствосы «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және «Болашақ» халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы»

Үкіметтің 2008 жылғы 11 маусымдағы №573 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» жана қаулы жобасын әзірледі.

Бұл құжат елге қайтқысы келмейтін «болашақтықтарға» шетелде қала беруге рұқсат етпек. Тек бір шарт бар: ол енбекпен өтеу мерзімін Қазақстан мүше шетелдік ұйымның бірінде қызмет етіп өткізуі керек.

Қазіргі қағидалар бойынша түлектер міндетті түрде Қазақстанға оралып, Астанада, республикалық маңыздағы қалада — кемінде 5 жыл, басқа өңірлерде, соның ішінде облыс орталықтарында — 3 жыл енбек етуге міндетті. Министрлік бұл талапты өзгертуге кірісті. Үкімет қаулысы жобасына сәйкес, «болашақтықтарға» білім алуына қаржы шығындаған Отанына келіп, енбек сіңірмей-ақ шетелде қалып, жұмыс істеуіне мүмкіндік ұсынылады.

— Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлі артқан сайын ел түрлі көпжақты бастамалар мен ұйымдарға белсенді қатысып келеді. Қазақстанның осы құрылымдарға кіруі Президенттің жүргізіп отырған саясатына негізделген. Ол халықаралық байланыстарды нығайтуға және мемлекетіміздің жаһандық мәртебесін арттыруға бағытталған. Бұл ретте «Болашақ» бағдарламасының көптеген талантты түлегі БҰҰ, БҰҰДБ, ЕКҰҰ, ШЫҰ, басқа халықаралық және аймақтық ұйымдарда білімі мен дағдысын тиімді пайдаланып жатыр. Осы мамандардың халықаралық аренада Қазақстан мүдделерін ілгерілетуге қосқан үлесін ескеріп, оның сол ұйымдардағы енбек қызметін «міндетті енбекпен өтеу» талаптарына сәйкес деп тану орынды! — деді Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Түзетулер енгізілген соң «Болашақ» түлектеріне сондай-ақ акциялары, қатысу үлесі Қазақстанға және ұлттық компанияларға тиесілі шетелдік ұйымдардың шетелдегі филиалдарында жоғары жалақы ала жүріп, стипендиясын енбекпен өтей салуына болады.

PhD доктор, ғалым Райхан Жанболатованың дерегінше, Қазақстан жаһандық, өңірлік және субөңірлік деңгейдегі 60-тан астам халықаралық ұйымның толыққанды мүшесі және белсенді қызмет етеді. Бір ғана БҰҰ-ның Қазақстан қатысатын командасы 28 агенттіктен, кор мен бағдарламадан тұрады. Олай болса, атажұртынан жеріп, Қазақстанға қайтқысы келмейтін «болашақтықтарға» іздесе, орын табылады.

Өкінішке қарай, «Болашақ» айнала-сында дау-жанжал жиі қаулайтын болды. Мысалы, быылғы мамырда «болашақтықтың» гаранттары Наталья Воробьева мен Макпал Дәрібаева Президент Қ.Токаева шағыммен жүгінді. Олар бұрынғы стипендиаттың миллиондаған қарызын төлеуге өздерін мәжбүрлегеніне наразы. Олардың айтуынша, бұрынғы студент Валерия Гавриленко 2019 жылы өзінің жылжымайтын мүлкін кепілден босатып алып, Ұлыбританияға тайып тұрған.

Екі жыл өткенде, 2021 жылы Халықаралық бағдарламалар орталығы өз құжатын өзі заңсыз деп танып, Гавриленконың гаранттарының оның оқу ақысын өтеуді талап етеді. Министр Саясат Нұрбектің айтуынша, Ғылым министрлігі Гавриленконы елге экстрадициялау туралы тиісті құжатты еліміздің көші-қон қызметіне табыстады. Алайда Ұлыбритания өз тұрғындарын ешкімге бермейтінімен мәшһүр. Мұндай жанжалдар жетерлік. Күш құрылымдары жатжұртта жасырынған, мекенжайын ХБО-ға хабарламай қойған түлектерге іздеу жариялауды жоспарлапты.

Қалай болғанда, Үкімет «Болашақты» жауып тастауға бармады, оның орнына қаптаған қателігін түзетіп, эволюциялық дамытуға ниетті. Бұдан не нәтиже шығары белгісіз.

ӨЗГЕШЕ ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТСЕК

Бір кездері Индер ауданын бүкіл Кеңес Одағына танымал еткен не екенін білесіз бе? Үлкендер білсе де, жастар жағы борат кен өндірісінің Индерде ғана өндірілгенінен хабарсыз болуы мүмкін.

Иә, әлем бойынша өте сирек кездесетін борат кен орны Қазақстан бойынша Индерде ғана бар. Бірақ өткен ғасырдың 70-жылдары дүкіреп тұрған кен орны қазір қанырап иесіз жатыр. Географиядан хабары барлар жақсы біледі, борат негізінен АҚШ, Ресей, Түркия, Аргентина, Қытайда және Қазақстанның Атырау облысы Индер ауданы жерінде ғана бар.

Борат өндірісі Индерде 1930 жылдары басталған. Кеңес Одағы борат өндірісін негізінен әскери, құрылыс мақсатында қолданған екен. Ардагер кенші Тасболат Маханов кезінде борат өндірісі ауқымды деңгейде болғанын, тіпті әлемнің түкпір-түкпірінен жұмысшылар келгенін айтады.

«Жұмысшылардың арасында молдовандар, гректер, украиндер, армяндар, болгарлар да болды. Бәріміз бір үйдін аламындай бірлесіп, жұмыс атқаратынбыз. Бір кездері Индердің атын бүкіл Кеңес Одағына танымал еткен борат кені 100 метр тереңдіктен өндірілген екен. Сол кезде 8 карьер, 1 шахта жұмыс істеген болатын. Тарих беттерінде тіршілік қайнаған борат кен орнының әлі күнге дейін қараусыз жатқаны қынжылтады», — дейді ардагер кенші Тасболат Маханов.

Жалпы, Индердегі теңдессіз байлық қайта игеріле ме? Тәуелсіздікке дейін-ақ өзін мойындатқан кен орнын тәуелсіз елімізде қайта түлетуге не кедергі? Атырау облысы әкімдігіне осы сауалды қойғанымызда, борат кен орнын игеруге қатысты күрделі сұрақтар Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құзырында екенін хабарлады.

«Дегенмен Атырау облысы әкімдігі табиғи қазба байлыққа толы Индер ауданының жер қойнауын кеңінен игеруге ниетті. Қазіргі уақытта «ИндерГипс»



ЖШС «Құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру желісін модернизациялау» жобасын жүзеге асыруда. Жалпы құны 67 млрд теңгеге бағаланған зауыт бүгінде толық қуатқа шығу үшін жұмыстар жүргізуде. Бұл жобаға шетелдік «Волма» кәсіпорны инвестор болып отыр», — делінген Атырау облысы әкімдігінің баспасөз-қызметінің жауабында.

Жақында борат кен өндірісіне қатысты Астанадан қуанышты жаңалық жетті. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитеті төрағасының орынбасары Қанат Ерубаев жақын арада Индерде борат кен орнын қайта игеруге қатысты жұмыстар басталатынын хабарлады. «2021 жылы отандық компаниямен борат өндірісін қайта қолға алу туралы келісімге қол қойылды. Қазіргі уақытта компания дайындық жұмыстарын жүргізуде. Жаңа өндіріс іске қосылған жағдайда елімізде химия өндірісі дамиды, жана жұмыс орындары ашылады», — деді Қанат Ерубаев.

Жоғарыда борат кенінің әлемде өте сирек кездесетін қазба байлық екенін айттық, әлемде боратты табыс көзіне айналдырып, экономиканың қозғаушы күші ретінде қолданып отырған елдер бар. Соның бір мысалы — Америка. Америкада борат кенін өндіру негізінен Калифорния штатының бірнеше аймағында жүргізіліп жатыр. Алып кен орындарын игеру арқылы АҚШ бүгінде әлемдегі ең ірі борат өндірушілерінің біріне айналды. Азуын айға білеген Америка борат кенін химиялық өнеркәсіпте, құрылыс материалдарын өндіруде,

әйнек және металлургия салаларында қолданып отыр.

АҚШ-тың борат өндірісі әлемдік нарыққа үлкен әсер етеді, өйткені бұл минерал әлемдегі басқа елдерге қарағанда кеңінен пайдаланылады. Бораттың стратегиялық маңызы да артып келеді, өйткені борат әртүрлі жоғары технологиялық өнімдер үшін маңызды шикізат болып отыр.

Жас химик ғалым Әсел Ондашова-ның айтуынша, Индердегі борат кенін өндірудің бірнеше артықшылығы бар. «Біріншіден, борат кенін өндірудің экономикалық тиімділігі жоғары. Себебі Индерде аталған табиғи байлықтың мол қоры бар. Бұл фактор кен өндіру шығындарын төмендетіп, ресурстың ұзақ мерзімді пайдаланылуына мүмкіндік береді.

Екіншіден, борат өндірісі арқылы халықаралық нарыққа шығудың тағы бір жолы ашылады. Борат тұздары, әсіресе бор тыңайтқыштары мен химиялық өнімдер түрінде әлемдік нарықта сұранысқа ие. Қазақстанның борат кендерін өндіру экспортқа бағытталған және бұл еліміздің экономикалық дамуына үлес қосады. Үшіншіден, әлеуметтік оңтұстары да бар.

Жаңа өндіріс орнының құрылуы, сөйкесінше, жана жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Борат кенін өндіру өнеркәсіптік секторда көптеген жана жұмыс орындарын ашады. Бұл жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік жағдайының жақсаруына көмектеседі», — дейді химик ғалым Әсел Ондашова.

Химик ғалымның айтуынша, борат — химиялық өндірістерге қажетті шикізат. «Бораттың көптеген химиялық қасиеті оны әртүрлі өндіріс салаларында

қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, бор қышқылы химия өнеркәсібінде, металлургияда және шыны өндірісінде маңызды шикізат болып табылады. Сондай-ақ борат минералдары жоғары температурада балқитын материалдар ретінде қолданылады. Борат кендері металлургияда жоғары сапалы легирленген қорытпаларды жасау үшін, сондай-ақ құрылыс материалдары өндірісінде пайдаланылады», — дейді ғалым.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Бактыбек Таубаевтың айтуынша, борат өндірісінің агросекторға да пайдасы бар.

«Борат минералдары ауыл шаруашылығында әсіресе бор тыңайтқыштары ретінде кеңінен пайдаланылады. Олар топырақтың құрамын жақсартып, өсімдіктердің өсуіне оң әсер етеді. Бұл Қазақстанның ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Атырау сияқты құрғақшылық жайлаған әрі жайылым жері аз немесе бар болғанын өзінде құнарсыз болып отырған өңірге борат өндірісінің пайдасы мол болмақ», — дейді ғалым.

Қалай десек те, табиғи байлыққа толы Индер ауданы — логистикалық тұрғыдан тиімді өңір. Индер Атырау облысына жақын орналасқандықтан, көлік жолдарының қатынасында мәселе жоқ. Сондықтан борат өндірісі неғұрлым тез қолға алынса, соғұрлым жергілікті тұрғындарға, жалпы ел экономикасына тиімді өзгерістер көп болмақ.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

ТҰЛҒА

19 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

Жапонның белгілі ғалымы Уяма Томохико 2001 жылы Мәскеу мен Токио бірігіп шығарған Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген еңбегіне жазған алғы сөзінде: «XX ғасырдың басында Ресейдің өз ішінде және оның төңірегінде Исмаил Гаспринский, Абдурашид Ибрагим, Мирсаид Сұлтанғалиев, Заки Валидов (Тоған), Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Махмудқожа Бехбуди, Абдурауф Фитрат, Файзулла Қожаев, Мехмед Эмин Расулзаде және тағы басқа көптеген мұсылман ұлы реформаторлары мен революционерлер шоғыры пайда болды» дей келіп, жаңа азат жолдан «Тіпті осы жұлдыздар ішінде Мұстафа Шокаев (1890-1941) немесе Шоқай бірегей орын алады» деген еді.

Бұл сөздердің шындығына ардақты тұлғаның кезінде әділеттілік пен заңдылықтың орталығы болған Франция астанасы Парижде жиырма жылдан астам тұрып, берісі Түркістанның, арысы бүкіл түркі жұртының тәуелсіздігі үшін сан қырлы саяси қызметі мен бірнеше тілде жазылған мол шығармашылық мұрасынан азын-аулақ хабардар болған оқырманның толық көзі жетеді.

Адамзат өркениетінің үлгісіндей болған Еуропа түгіл Ресейдің орталығынан алшақ жатқан сонау Қазақстанның Сыр бойындағы Наршоқы құмында дүние есігін ашқан Мұстафа Шоқайдың осындай бағаға ие болуының, әлемдік биікке көтерілуінің, мұсылман ұлы реформаторлары мен революционерлер шоғырында жұлдыздай жарқырауының сыры неде жатыр еді? Мұны тану үшін ұлы тұлғаның қайраткерлігі және шығармашылық қызметінің бедерлі-бедерлі деректеріне назар салайық.

Сыр еліне танымал атасы Торғай датқа (белгілі аймақтың басшысы) шаңырағында дүниеге келген Мұстафа жасынан ата баба дәстүрін, ұлттық салт сананы бойына сіңіре есейіп, ер жетті. Ауылдағы төрт жылдық медресені екі жылда бітірген туасы зерек перзентінің өз құқығын өзі қорғай алуы үшін әкесі Шоқай оның әрі қарай орысша оқуын қалайды. Оның санасында орыс қоныс аударушылары мен патшаның жергілікті шенеуніктері екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз, ал егістігін тартып алғандары терең із қалдырған болатын. Содан 1899 жылы жазда Ақмешіттегі үш жылдық Перовск училищесіне апарып, келісіп қайтады. Бірақ Мұстафа оқу басталар алдында қара шешекпен ауырып, ұзақ жатып, училищеге бара алмай, қазіргі Сұлутөбе стансасындағы теміржол мектебінде оқуға мәжбүр болады. Елде

ӘЛЕМГЕ
ТАНЫЛҒАН
ТҰЛҒА

қозғалысын патша үкіметінің қатыгездікпен басқаны туралы арнайы материал жинау мақсатымен құрылған Дума жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы сенатор К.Тевкелев пен Дума мүшесі А.Керескийдің жетекшілігімен құрылған комиссияның аудармашысы, хатшысы және маман зерттеушісі ретінде Түркістан өлкесінде болуы айрықша мәнді болды. Соңғы сапар Мұстафа Шоқайды Думаның Мұсылмандар фракциясының кеңесші бюросына қызметке әкелді. Бұл оның Түркістан туралы мәліметтер жинауына, фракция өкілдеріне өлкеге қатысты материалдар дайындауына мүмкіндік берді.

Ресей орталығындағы сан салалы күрделі өмір Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуының нағыз саяси университеті болды десек қателесе қоймаспыз. Бұған оның 1917 жылғы сәуірдің басында Петербордан Ташкенттен кетер алдында өзіне бұрыннан таныс, сол тұста бүкіл Ресей территориясында маңызды рөл атқарған Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төр-

эмиграциялық қызметтің тұңғыш жарқын беттерін жазды, ірі қайраткер санатында әлемге танылды.

Эмиграцияда арнайы құрылған саяси ұйымы, саяси партиясы жоқтығына қарамай, Мұстафа Шоқай өзі кезінде қызғыштай қорғаған автономия туралы идеяны артқа тастап, тәуелсіздік, толық дербестік үшін кең мағыналы күреске шығып, бұл бағытта Түркістандағы озбыр кеңестік саясатты барынша жан жақты көрсете білу үшін ең бірінші Батыс елдерінің кеңестік кезеңдегі Түркістан мәселесін қандай дәрежеде білетіндігі мен түсінігін орыс отаршылдығына қарсы күрестің стратегиясының құрамды бөлігі деп санап Ыстанбұл, Париж, Лондон, Берлин, Варшава тағы басқа қалалардың тиісті мінберлерінде сөз сөйлеп, Кеңес Одағындағы түркі халықтары көріп жатқан большевиктік саясатты барынша әшкере-леген баяндамалар жасады, түрлі басылым-да мақала жариялады. 900-ден астам еңбегінде Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің Түркістандағы ұлттық саясатының бар бағытын ғылым тұрғыдан терең талдау жасап, кеңестанулық ғылым тұрғысынан жан-жақты және терең баға берді.

Шетелде сан түрлі қайраткермен қарым қатынасқа түсіп, кейде әділеттілік үшін айтысқа да барған, көзбен көргені де, ойға түйгені де мол түркі тектес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болған энциклопедиялық білімдар Мұстафа Шоқай жоғарыда аталған еңбектерінде Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты, Түркістанның азаттығы үшін күреске аса қажет «ұлтшылдық», «ұлттық рух» сияқты адами қасиеттер, тәуелсіз ұлттық мемлекет, олардың мәні мен мазмұны, оларға жетудің жолдары мен амалдары, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап тілектер тағы басқа тақырыптар туралы сан салалы саяси әлеуметтік ой тұжырымдары жасады. Бұлардың қысқаша мазмұны 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде былайша керемет бейнеленді: «Біздің құбыламыз — өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру — бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы — батыр халық, түрік халқы — арыстан, ер халық».

Түркістанның тәуелсіздігіне қатысты бұл идеялар «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаладан бастау алады. Онда мынандай жалынды сөздер жазылды: «Біз Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан сон да болмайды». Бұл ойлар әрі қарай дамытыла түсіп, күрестің түпкі мақсаты: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі — ұлттық, мазмұны — пролетарлық» деседі. ... Ал біздің мұратымыз — Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп айқындалды.

Патшалық Ресейді соның саяси жалғасында болған Кеңес үкіметін терең әрі жан-жақты батыл сынаған Мұстафа Шоқай үшін дереккөздер қызметін, ең алдымен, өзінің басынан өткен жағдайлар атқарды. Кеңес үкіметінің екі жарым жылдай өмір сүрген Алаш үкіметін тарауға мәжбүр еткені, тағдыры екі айдан астам ғана болған Қокан автономиясына қару жұмсағаны белгілі. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларынан, сөйлеген сөздерінен, «Енбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Правда Востока», «Правда» тағы басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған бұрынғы патшалық, кейінгі пролетарлық Ресейдің езгісіндегі отар елдердің объек-

тивті шындығынан мол мәліметтер алды. Әрине, бұл шындық өз иелеріне жақпады. Бұл сонау Мәскеуге жетіп жатты. 1925 жылдың 29 мамырында И.Сталиннің РКП (б) Қырғыз өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне жолданған хатында: «Біз өкіметті, жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге табыстау үшін алғанымыз жоқ. Бұл шайқас толығымен және еш қалдықсыз коммунистердің пайдасына шешілуі қажет. Олай болмаған жағдайда Қырғызстанда (Қазақстанда — автор) шоқайшылардың жеңіске жетуі әбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең» деп жазуы тегіннен тегін емес болатын. Кеңес көсемінің бұл хаты Мұстафа Шоқайға қарсы күреске жаңа қарқын беріп ғана қойған жоқ, оның атын Кеңес Одағына кенінен мәлім етті.

Мұстафа Шоқайды әлемге әйгілі еткен оның адами болмысын, қайраткерлік тынысы мен энциклопедиялық білімдарлығы мына мысалдар да толық дәлелдейді. 2012-2014-жылдары жарық көрген он екі томдық шығармаларының толық жинағына енген еңбектері қазақ, орыс, ағылшын, грузин, неміс, өзбек, поляк, түрік шағатай және француз тілдерінде жарияланды.

Халықаралық өмірдің сұңғыла сарапшысы Мұстафа Шоқай 1920 — 1930-жылдары негізінен орыс, француз, ағылшын, неміс, поляк және түрік-шағатай тілдерінде жазылған 150-дей мақаласында Англия, АҚШ, Аустрия, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Польша, Палестина, Франция, Чехославакия, Шығыс Түркістан тағы басқа елдердің сыртқы саясатына, жалпы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне саяси талдау жасады. Сыртқы саясаттың Түркістанға оң әсерін білу автордың басты мақсаты болды.

Осындай себеппен Мұстафа Шоқай 1924 жылдан 1933 жыл аралығында Лондонда бес-алты рет болып, француз тілінде баяндамалар жасады. Оның лекцияларына ағылшындардың үлкен қызығушылық білдіргеніне 1933 жылғы 30 наурызда Лондондағы Корольдің Халықаралық қатынастар институтындағы оқылатын лекциясына қатысты «Корольдің Орталық Азия» қоғамының, ағылшын парламенті Қауымдастар палатасының мүшесі, Кавказ өңірінің зерттеушісі У.Алленнің және Кездесулер департаментінің хатшысы Г.Ровеннің тиісінше 13, 15 және 17 наурыздағы хаттары толық дәлел бола алады. Ал Корольдің Халықаралық қатынастар институтында оқылған дәрістер он институт Кеңесінің төрағасы Н.Мальком Мұстафа Шоқайға мынандай мазмұнда хат тапсырады: «Құрметті Шокаев мырза! Сіздің «КСРО және Қытай Түркістаны» атты тақырыпта сөйлеген сөзіңізге Корольдің Халықаралық қатынастар институты енесінің атынан алғысымды жазып отырымын. Институтқа көрсеткен қызметіңіз сіздің тарапыңыздан үкен игілікті іс болды. Сөйлеген сөзіңізді оған қатысушы мүшелер шын ықыластарымен тыңдап, риза болды».

Мұстафа Шоқайдың білімпаздығын, ерекше мәмлегерлігін, қағидаатты көзқарастарын, әділеттілік жолына шын берілгенін, саяси-әлеуметтік болмысын 100-ге тарта әртүрлі елдің, әртүрлі ұлттың өкілімен, саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен қарым-қатынасының нәтижесіндей болған, сол кездегі өзекті сан түрлі мәселелерді қозғаған үш жүздей хаттарды қамтыған эпистолярлық мұрасынсыз толық түсіну мүмкін емес. Бұл хаттар Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы мұсылмандардың көшбасшысы болғанын айқын да нақты көрсетеді.

Бүгінде Мұстафа Шоқайдың ұлттық рухтын шынайы «ұлтшылдық» ұғымына қатысты ойлары да маңызды. Тәуелсіздігімізге отыз жылдан асса да, ресми ақпараттарда бұл ұғымға кешегі кеңестік көзқараспен қараушылар табылады.

Сондықтан нағыз ұлтшыл күрескердің кейбір ойларына тоқтай кетсек артық болмас. «Халқымыздың мәдени және рухани жактан қол жеткізген жетістіктерінің бәрі тек ұлтшылдық қозғалысына тән» деген ұлтшыл күрескер: «Қанқұмар коммунистер халқымызға хайуандық пен зұлымдық істей отырып, ұлтшылдық идеясынан баз кештіре алар ма? Егер кімде кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателескен болар еді. Ол — халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деп жазды. Ал ұлтшылдықты қалай түсінуге болады дегенге былайша жауап беріп еді: «Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған».

Тәуелсіз ұлттық мемлекет мүшелеріне, әсіресе зиялы қауымға, саяси қайраткерлерге қатысты айтылған ойлар да тағылымды. Мұстафа Шоқай қоғам дамуында, жалпы мемлекеттің жаңаруында ойы өрісті, сөзі келісті, еңбегі жемісті, ұлттық рухы жоғары, шынайы отаншыл зиялылардың рөліне ерекше көңіл аударды. «Ұлттық зиялы» деген мақаласында ұлттық зиялыға кімдердің жататынын мына сөздермен бедерледі: «Біздіңше, белгілі бір мұрат мақсаттардың сонында жүрген және сол белгілі мұрат мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады», ал «Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады». Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр екенін атап көрсете отырып, оның бір қырын былайша түсіндірі: «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі».

Мұстафа Шоқай — саяси қайраткерлер туралы, олардың тамаша кісілік қасиеттері жөнінде де өнегелі өсиеттер қалдырды. «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біздің міндеттеріміз» деген мақаласында ұлттық күрестің мүддесі осы күреске белсене қатысқан әрбір жеке адамның мүддесіне немқұрайды қарамауды талап ететінін, ал ұлттық қозғалыстарды басқарып, жетекшілік ететін жеке тұлғаларды қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға күш салудың қажеттігін: «Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс қимылдарына қарап бағалаймыз» деген ойымен айқындай түсті. Сонымен қатар мемлекеттің саяси сипаты да, әлеуметтік әлеуеті де оның тікелей басшысына байланысты болатынын да терең түсінген Мұстафа Шоқай «Кеңестің негізгі заңы» атты мақаласын Алманияның ұлы мемлекет қайраткері Бисмарктің: «Өкімшілігінен ынсап кеткен жерде заңнан қайыр жоқ» деген сөздермен бастауы жайдан жай емес еді. Саяси басшылардың жеке билігі қоғамның қай саласының болмасын әлсірейте, төмендеуіне өкеліп отыратынын тарих талай дәлелдеді. Оны «генсектердің» ақыл ойына сүйенген кешегі кеңестік биліктің тағдыры толық дәлелдеген еді. Мұны алғашқы жылдары қажет болған, алайда тәуелсіздік жылдары жалғаса түсуімен көптеген қайшылыққа душар еткен еліміздегі суперпрезиденттік басшылық та көрсетіп берді.

Тәуелсіз жылдары Мұстафа Шоқай айтқан «Ұлттық рухтың негізі — ұлттық тіл» деген қағидаатты идеясына жете мән бермей, мыңдаған жыл ата бабамыз күш жігерін, тіптен ғұмырларын да құрбан етіп, қол жеткізген азаттықты тиісінше қадірлей, қастерлей, мақтаныш ете алмайтын жандарды аз көріп жүрген жоқпыз. Осы сәтте Мұстафа Шоқайдың сонау 1923 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген туысқан Түркия елін реті келгенде әркез үлгі етуді ұсынғаны еріксіз еске түседі: «Біз бүгін «Шығыс рухы» басым болуы себепті мешеу қалған» деп саналатын Түркияда Батыс білімі жергілікті жағдайларға сәйкес сәтті қолданылып жатқанын көріп отырмыз. «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын сонды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері — Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentalitet) сәтімен үйлестіре алуында жатыр».

Түркістандықтардың күндердің күнінде азаттық алатынына, туған елінің тәуелсіздікке қол жеткізетіне Мұстафа Шоқай көміл сенді. «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» деген асқақ арманы орындалды. Бүгінде ұлы тұлғаны сағыныштан сарғайтқан Отаны — өзіндік экономикасы мен саясаты, өркеніеті мен мәдениеті бар Тәуелсіз Қазақстан бүкіл адамзат қауымдастығынан өзіне лайықты орын алды. Бірнеше ғасыр құрсауда болған қазақ халқы «өз жерінің нағыз қожасы» болып отыр.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылым докторы

Бойына адалдық пен әділеттілік, қайсарлық пен қарапайымдылық, білімділік пен біліктілік, жауапкершілік пен қайраткерлік сияқты адами қасиеттерді сіңірген Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің алғашқы асуы, Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы Түркістан Мұқтарияты болды.

қайта-қайта мектеп ашып жүрген көзі қарақты Әліш ағасы да, училище кісілерімен жүзбе-жүз сөйлескен әкесі Шоқай да Мұстафаның оқу үдерісінде Перовск училищесімен байланыс жасап тұрған болуы керек, әйтпесе 1874 жылы ашылған, Қазақстанның оңтүстік өңіріне талай тілмаш, тағы басқа кадр дайындаған оқу орны өзімен қатысы жоқ оқушыға 1902 жылы бітірді деп құжат бере қоймайды ғой. Осы құжатпен Ташкенттің сегіз жылдық ерлер гимназиясында оқуға түседі. Мұстафа осында өзінің орысша сауатын жетілдіріп алғаннан соң Түркістан өлкесі орталығының қоғамдық өміріне еркін араласа бастайды. Елден келген жергілікті халықтың арыз-шағымдарымен түрлі мекемеде, тіпті өлкелік генерал-губернатордың алдында да бірнеше рет болып, өлкедегі саяси-әлеуметтік өмірді тереңірек тануға мүмкіндік алады. Жұртшылықтың өзекті мәселелерін шешуде белсенділік көрсетеді. Гимназияны бітіргеннен соң Мұстафаны А.Самсоновтың тілмаш ретінде жұмысқа шақыруының осындай негізі бар болатын.

Мұстафа Шоқайдың болашағы үшін араларында үзілісі бар бас-аяғы 6-7 жыл Петерборда болуы маңызды болды. Император университетінің Заң факультетінде оқып, берісі Ресейдің, арысы Еуропаның білімі мен ғылымының тәтті дәмін татты, ерекше алғырлық қабілетімен сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. 1910-1914 жылдарғы саяси жағдайларға байланысты студенттермен бірге көшелерде өткен демонстраттар қатарында Үкіметке қарсы шешімдер қабылдауға қатысады. Сондай-ақ болашақ саяси қайраткердің дүниетанымының қалыптасуында оның Орталықтағы Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының жұмысына тартылуы да ерекше рөл атқарды. Әсіресе, бұл бағытта Алаш ардақтыларының, оның ішінде сонау Мемлекетіада оқып жүргенде тағлымды сөзін естіген, Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, кейін «Алаш» партиясының негізін қалаған, Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан ықпалының жөні бөлек болды.

Ұстазының ұсынысымен 1916 жылғы тамызда Мемлекеттік Дума және Үкіметтің тыңдауына Түркістандағы ұлт-азаттық

ағасы Николай Семенович Чхеидземен кездескендегі әңгіме тақырыбы дәлел бола алады. Ол Мұстафа Шоқайдан өздерінің жұмысы туралы сұрағына Түркістан автономиясына әзірлік жасап жатқанын айтады. Бұл сөзден шошынған Чхеидзе автономия елді дереу дербестікке, бөлінуге апаратынын айтқанда, Мұстафа орыс революцияшыл демократиясы ұлттардың бостандығы туралы талай жылдан бері көтерген ұранына берік болса, бөлінуден қорқудың реті жоқ екенін еске салады. Бұл кездесу екі мәселені ашық байкатады. Біріншісі — Алаш ұлт азаттық қозғалысының автономия үшін күресінің басталғанын көрсетсе, екіншісі — Мұстафа Шоқайдың саяси өресін, шынайы қайраткерлік болмысын танытты.

Бойына адалдық пен әділеттілік, қайсарлық пен қарапайымдылық, білімділік пен біліктілік, жауапкершілік пен қайраткерлік сияқты адами қасиеттерді сіңірген Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің алғашқы асуы, Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы Түркістан Мұқтарияты болды. Саяси-әлеуметтік һәм экономикалық жағынан, әсіресе діни жағынан аса күрделі өлкеде саяси және рухани мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, жергілікті халықтың жетекші өкілдерін басты мақсатқа ұйыстыра алудың нәтижесінде жаңа тұрпатты мемлекеттік құрылымға қол жеткізу айрықша басқарушылық нақты көрінісі болатын. Алайда Түркістан Мұқтарияты барлығы 64 күн ғана өмір сүрді. Автономияның «Алаш» партиясының бағдарламасындағы «Ресей — «демократическая, федеративная республика» болу («Демократия мағынасы — мемлекетті жұрт билеу. «Федерация мағынасы — құрда мемлекеттер бірлесуі. «Федеративная республикада» ер мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді) деген қағидаатты норма Кеңес үкіметіне ұнамады. Содан автономия құлатылды. Қоқан қанды қырғынға айналды. Ал басына 1000 сом бәйге жарияланған Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. Өмірінің 20 жылдан астамын эмигранттықтардың екінші отаны саналған Францияда болғанда ерекше қажыр-қайратымен, сан тақырыпты қамтыған шығармашылығымен отандық

АЙҚЫНДАМА

19 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бас лауазымына байқау жариялайды Байқауға қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары: 1. Орналасқан жерін, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 54 ғимарат мекенжайында орналасқан, тел. 8 (7172) 91-90-35. Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты оның құрамына кіретін тарихи-мәдени мұра объектілерін және олар орналасқан аумақтарды анықтау, жерделеу, қорғау және сақтау, түпнұсқалы музей коллекцияларын негізінде көркем және ғылыми экспозицияларды жасау және оларды кенінен тарату болып табылады. 2. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар: Қадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім. Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес болуы тиіс. 3. Лауазымдық міндеттері: Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді; музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді; ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының және шетелдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді; ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады; директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жеделі бағыттарын бөледі; шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімқаттық береді, қажетті есептілікті ұсынууды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. 4. Бiлуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін; «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексін; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын, ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін. 5. Байқауға қатысуға үміткер тұлға байқау өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: - байқауға қатысу туралы өтініш; - мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; - еркін нысанда жазылған өмірбаян; - білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен); - еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тотатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама; № 075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; - жеке куәліктің көшірмесі; - адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасамағаны туралы мәлімет (кандидат EGOV арқылы алады). Байқауға қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін растауы, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Байқауға қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сөттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2024 жылғы «19» қарашадан бастап 2024 жылғы «03» желтоқсанға дейін жүргізіледі. 6. Байқаудың өткізілетін күні мен орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс. Әңгімелесуді өткізу күні байқауға қатысушыларға қосымша хабарланатын болады. Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 676 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефондары бойынша алуға болады.	Комитет культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан объявляет конкурс на вакантную должность директора Республиканского государственного казенного предприятия «Национальный музей Республики Казахстан» Общие квалификационные требования к участникам конкурса: 1. Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона, краткое описание его основной деятельности: Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей Республики Казахстан»: находится по адресу: г. Астана, проспект Тауелсиздик, 54 зд., тел. 8 (7172) 91-90-35. Предметом деятельности предприятия является осуществление деятельности в области культуры. Целью деятельности предприятия является выявление, изучение, охрана и сохранение входящих в его состав объектов историко-культурного наследия и связанных с ними территорий, создание на основе подлинных музейных коллекций художественных и научных экспозиций и их популяризация. 2. Квалификационные требования к кандидатам: Высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа). Стаж работы не менее 5 лет в сфере культуры или на руководящих должностях, либо не менее 5 лет для лиц, зачисленных в Президентский молодежный кадровый резерв, либо не менее 4 лет в сфере культуры или на руководящих должностях для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа). 3. Функциональные обязанности: Руководит производственной, административно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью учреждения, осуществляет контроль над сохранностью и эффективным использованием имущества организации, организует работу по борьбе с коррупцией; определяет политику и стратегию деятельности организации, координирует работу его подразделений по формированию, хранению, музейного фонда, а также, охраны и использованию памятников истории и культуры Республики Казахстан в интересах государства и общества; руководит разработкой и осуществлением планов, программ и проектов музея (музея-заповедника), координирует работу структурных подразделений по их выполнению по направлениям деятельности; руководит научно-исследовательской деятельностью, обеспечивает проведение мероприятий, направленных на пропаганду и популяризацию культурных ценностей, историко-культурного наследия народа Казахстана; обеспечивает сотрудничество с организациями культуры и искусств Республики Казахстан и зарубежных стран; принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе; распределяет отдельные направления работы между заместителями директора, руководителями и специалистами структурных подразделений и филиалов; заключает и расторгает договора, совершает сделки, выдает доверенности, обеспечивает представление необходимой отчетности, издает приказы, представляет интересы организации в суде, государственных органах и организациях; обеспечивает контроль за осуществлением требований безопасности и охраны труда, противопожарной безопасности. 4. Должен знать: Конституцию Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Бюджетный кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Предпринимательский кодекс Республики Казахстан, Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан: «Об авторском праве и смежных правах», «О культуре», «О государственном имуществе», «О противодействии коррупции», «О государственных закупках», «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия», правила оказания врачебной медицинской помощи, порядок внутреннего трудового распорядка, по безопасности и охране труда, производственной санитарии, требования пожарной безопасности. 5. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, предоставляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы: - заявление об участии в конкурсе; - резюме на государственном и русском языках; - автобиографию, изложенную в произвольной форме; - копии документов об образовании (с приложениями); - копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы или архивную справку, содержащую сведения о трудовой деятельности работника; - справку о состоянии здоровья по форме № 075/у; - копию удостоверения личности; - сведения о совершении лицом коррупционного преступления (получается кандидатом через EGOV). Участник конкурса может предоставить дополнительное относительно его образования, стажа работы, уровня подготовки (копии документов о повышении квалификации, степеней и звании, научных публикаций, а также рекомендаций с предыдущего места работы и т.п.). Принем документов для участия в конкурсе проводится в течение 15 (пятнадцать) календарных дней с момента опубликования с «19» ноября 2024 года по «03» декабря 2024 года. 6. Дата и место проведения конкурса: Город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 14 подъезд. Дата проведения собеседования участникам конкурса будет сообщена дополнительно. Документы принимаются лично или через почту по адресу: Республика Казахстан, город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 14 подъезд, каб 676. Подробную информацию можно получить по телефонам +7 (7172) 74-04-59.
--	---

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Басқарма мүшесі - қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректоры бас лауазымына орналасуға конкурс жариялайды «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А. Қызметтің негізгі мәні — жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады. Қызметтің мақсаты — ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру мекемелерінде және (немесе) тиісті салалардың уәкілетті органдарында немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшы қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы. Конкурсқа төмендегі тұлғалар қатыса алмайды: - жиырма бес жастан кіші; - бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған; - өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар; - медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады: - белгіленген нысандағы өтініш; - конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 3x4 үлгідегі түрлі түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі; - Білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, көшірмелері; - жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; № 086/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды); - мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама; - мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген наркологиялық ұйымнан анықтама; - қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымды атқаруға тыйым салынбағанын растайтын құжат. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілген қызметті алушылар Конкурсқа қатысушылар 6,7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Конкурсты өткізу күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ЖЕАҚ корпоративтік хатшысына ұсыну қажет, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187А, 214 каб., телефоны: 8 (7282) 22-00-51, 8 701 489 97 71.
--

Совет директоров некоммерческого акционерного общества «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова» объявляет конкурс на занятие вакантной должности члена Правления-Проректора по финансам и развитию инфраструктуры некоммерческого акционерного общества «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова», расположенного по адресу: город Талдыкорган, улица Жансугурова, 187 А. Основным предметом деятельности является предоставление образовательных услуг в сфере высшего, послевузовского, технического и профессионального, послесреднего и дополнительного образования. Целью деятельности является создание необходимых условий для получения качественного образования, обучения и преподавания, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики, а также для развития научного потенциала и коммерциализации разработок. Требования к участникам конкурса: высшее и (или) послевузовское образование, наличие стажа работы не менее 3 лет на руководящих должностях в организациях образования и (или) в уполномоченных органах в соответствующих сферах или государственных органах и организациях. Не может принимать участие в конкурсе лицо: - моложе двадцати пяти лет; - ранее совершившее коррупционное правонарушение; - имеющие непогашенную или неснятую судимость; - состоявшие на учете в медицинских специальных учреждениях; - иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет следующие документы: - заявление в установленной форме; - копию документа, удостоверяющего личность участника конкурса; - послужной список участника конкурса с цветной фотографией размером 3 x 4 в установленной форме; - копии документов об образовании и приложений к ним с представлением оригиналов для сверки; - копию документа, подтверждающего трудовую деятельность, удостоверенную кадровой службой по месту (действующему либо последнему) работы; - медицинскую справку о состоянии здоровья (врачебное профессионально-консультативное заключение) по форме № 086/у; - справку из психоневрологической организации, выданную не более чем за один год до дня представления документов, в соответствии с законодательством о государственных услугах; - справку из наркологической организации, выданную не более чем за один год до дня представления документов в соответствии с законодательством о государственных услугах; - документ, подтверждающий отсутствие запрета на занятие должности в соответствии с уголовным законодательством. В случаях осуществления ограничительных мероприятий соответствующими государственными органами, введения чрезвычайного положения, возникновения чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, уполномочители участника конкурса не представляют документы, указанные в подпунктах 6, 7 и 8. Принем документов для участия в конкурсе проводится в течение 10 (десяти) календарных дней со дня опубликования объявления. Дата и место проведения конкурса будут сообщены дополнительно. Вышеуказанные документы в установленные сроки необходимо представить корпоративному секретарю НАО «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова», город Талдыкорган, ул. Жансугурова 187А, каб. 214, телефоны: 8 (7282) 22-00-51, 8 701 489 97 71.
--

19 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ



«Қазақстан» телерадиокорпорациясы XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ мәдениеті мен руханиятының даму дәуірін суреттейтін «Ерте көктем» атты телехикаяны өмірге әкелді.

Телевизиялық тарихи сериалда мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Санжар Асфендияровтың, қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі Гүлсім Асфендиярованың, дәрігер-ғалым Халел Досмұхамедовтің, академик Орымбек Жәутіковтің өмір жолы арқылы сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы маңызды оқиғалар өріледі.

Сюжеттік желіге негіз ретінде 1930 жылдары тұңғыш жоғары оқу орны Қазак педагогикалық институтында білім алған студенттердің естеліктері арқау болған. Сценарий авторы Сержан Зәкерұлы телехикая ұлт зиялыларының ағарту саласындағы еңбегін сипаттайтын туынды екенін айтады.

«Көрнекті қоғам қайраткері Санжар Асфендияровтың ұлт өркениетіне қосқан ұшан-теңіз еңбегі өз алдына бір әлем болса, тұлғаның биік парасаты, болмысы, аурасы адам таңғаларлық. Туындының негізгі салмағы өз заманынан оза туған, парасатты, аксүйек, бекзада болмысты тұлғаның осы қасиеттеріне ауып тұр десек те болады. Кейіпкер телехикаяда ағылшындардың 400 жылдық тарихы бар оқу орнын тілге тиек етіп, біздің елде де сондай оқу орны болса деп армандайды. Берекесі кеткен заманда өзінің аз ғана ғұмыр кешетінін біледі және қатерге қорықпай бас тігеді. Аз ғана уақытын пайдаланып, қазақтың қарақөз ұл-қыздарын сөзбен емес, ісімен тәрбиелейді. Туындыда Орымбек Жәутіков, Қажым Жұмалиев сияқты білім іздеп келген қарапайым қазақ балаларының Санжар Асфендияровтың шарапатын көргендігі көрініс табады. Уақыт өте келе бұл екі азамат қазақ жұртына мәлім тұлға ретінде танылды. Сондықтан да «Ерте көктем» телехикаясын ұлт зиялыларының ағартушылық

«ЕРТЕ КӨКТЕМ» – САНЖАРДЫҢ САРА ЖОЛЫ



бағыттағы еңбегінен сыр шертетін туынды деп айтуға толық негіз бар», — дейді автор.

Туындының режиссері Мұрат Бидосов телехикаяға танымал актерлерден бөлек, жастар да тартылғанын атап өтті.

«Ерте көктем» телесериалының түсірілім жұмыстары ерекше атмосферада өтті. Кино ұжымы

Санжар Асфендияровтың Қазақстандағы медицина мен білімнің дамуында шешуші рөл атқарған кезеңін көрсетуге тырысты. Локация ретінде сол дәуірге сай орындар таңдалды. Бұл көрерменге өткен ғасырға саяхаттауға мүмкіндік береді. Асфендияровтың образын Халық әртісі Дулыға Ақмолда сомдады. Актердің бейнесі де, жалпы келбеті де кейіпкерге ұқсайды. Түсірілімге тәжірибелі актерлермен қатар, жас таланттар да қатысты. Түсірілім тобы сонымен қатар тарихи деректер мен оқиғалардың дәйекті болуы үшін тарихшы-ғалым Алмас Жүнісбаевпен бірге жұмыс істеді. Локация таңдау біраз қиыншылық туғызғаны рас. Бізде тарихи орындар сақталмаған. XX ғасырдың басындағы атмосфераны көрсету үшін еліміздің аймақтарын аралауға тура келді», — дейді ол.

Санжар Асфендияров тұлғасын талай жылдан бері зерттеп келе жатқан тарихшы, телехикаяның кеңесшісі Алмас Жүнісбай «Санжар Асфендияровтың өмір жолын енді зерттеп бастағанымда, айналамдағылардың ол туралы білетіні аз болды. Мұндай парасат-пайымы жоғары адамның ғұмыр тарихы қанша жылдан бері көлеңкеде қалып

дастарының, үзеңгілестерінің тарихи бейнесін қазақ жастарына деп ашқан жолын көрерменге төрт сериялы телехикая етіп ұсынып отырмыз. Сериалда қазақ даласындағы алғашқы жоғары оқу орнының салынуы, Санжар Асфендияров пен Халел Досмұхамедовтың осы оқу орнында қызмет ете жүріп оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегі көрініс табады. Санжар Асфендияров — өз елінде білім алуға келген қазақ студенттеріне сабақ беріп қана қоймай, сол кездегі оқулық проблемасын да шешуге зор еңбек еткен тұлға. Мұның бәрі жайма-шуақ уақыт емес, аласапыран заманда болған. Бұл



келгені тіпті таңғаларлық жағдай. Архивтерді аралап, талай құжатты ақтарып жүріп Асфендияровтың биографиясын, яғни жүрген жолын сараладық. Күн өткен сайын әрбір зерттеу, әр жазба арқылы ол туралы біліміміз толыса берді. Бұл фильмнің әр минуты, әр кейіпкері, әрбір эпизоды — ұзаққа созылған ғылыми-зерттеу, тынбай іздену жұмысының нәтижесі. Әрбір идея, сюжеттік байланыс, диалог — бір дубльден шыға салған дүние емес, бұл жерде терең ізденіс жатыр», — дейді.

«Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай «Ерте көктем» телехикаясын түсіру бастамасы еліміздің жоғары білім саласының қалыптасуын, сол жолда еңбек еткен қайраткерлердің тағылымды өмір жолын көрсету үшін қолға алынғанын айтады.

«Бірнеше жылдан бері ұлт болашағы жолында теңдессіз еңбек сіңірген тарихи тұлғалардың өнегелі өмірін бүгінгі буын жас ұрпаққа таныстыру жұмысы мемлекеттік деңгейде жаңа қарқын алды. Бұл істің басында «Қазақстан» телерадиокорпорациясының тұруы заңдылық және оны үлкен мақтанышпен айтуға болады. Ұлттық идея, халық ағарту ісі, теңдік бағытында түсірілген фильмдер саны да жыл санап артып келеді. Осы ретте ұлт қайраткері Санжар Асфендияров пен оның заман-

ұлы іс келешек жас буынның тарихын тану, таным шеңберін кеңейту үшін телевизиялық сериал арқылы таспаланып қалуы қажет деп ұйғардық. «Ерте көктем» көркем туынды ғана емес, ол ұлттық тарихты, қазақы болмысты, ілім-білімге шөліркеген қазақ жастарының бітім-болмысын көрсететін картина», — деді Л.Танысбай.

Телехикаяда көрермен басты кейіпкер Санжар Асфендияровтың жары Рабиға рөлінде Салтанат Бақаеваны, Халел Досмұхамедов рөлінде Азамат Шүкеевті көре алады. Туындыда Әлихан Бөкейхан, Құдайберген Жұбанов, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай мен акын-драматург Қажым Жұмалиев бейнелері бар.

Корпорацияның Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай ағартушылық жолында еңбек еткен ел тұлғаларының еңбегін дәріптеуге бағытталған осы жұмыстың жалғасы ретінде ғылымның әр саласындағы тұңғыш қазақ әйелдері туралы «Қазақ қызы» атты сериал түсірілетінін жеткізді. 2025 жылға жоспарланған тарихи туындыда қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы журналист-ағартушылар Нәзипа Құлжанова, Ғайнижамал Дулатова, алғашқы дәрігер әйелдер Гүлсім Асфендиярова, Аққағаз Досжанова, Зейнеп Бөкейханова, Мүбинә Ниязованың бейнелері көрініс таппақ.

ШАЛҒАЙДАҒЫ ҚАНДАСТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Малайзия астанасы Куала-Лумпурда Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі қазақтардың тұңғыш құрылтайы өтті. Құрылтайға Малайзия, Корея, Сингапур елдерінде тұратын 100-ге жуық отандас қатысты.

Құрылтайдың шымылдығын ашқан елші Болат Сүгірбаев шетелдегі қазақ диаспорасымен мәдени және экономикалық байланыстарды нығайту қажеттігін атап өтті. Ол құрылтайдың маңыздылығын, оның Қазақстан мен Малайзия арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге бағытталғанын түсіндірді.

«Отандастар қоры» КеАҚ президенті Данияр Қадиров құрылтайдың басты мақсаты шетелдегі қандастармен байланысты арттырып, бірлікті нығайту екеніне тоқталып өтті. Ол Қоғам атынан атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, еліміздің әлемдік деңгейде танылуы жолындағы мәдени бастамалардың маңызына тоқталды.

Одан кейін сөз алған Малайзиядағы қазақ диаспорасының президенті Баян Нишан шетелдегі қандастармен мәдени және экономикалық ынтымақтастықты дамытудың маңызын ерекше атап өтіп, құрылтайдың ортақ мүддені көздейтін бастама екенін айтты.

Құрылтайдың мәдениетке қатысты отырысында қазақ тілі мен салт-дәстүрлерін шетелде сақтау мен дамыту тақырыбы кеңінен талқыланды. Қоғамның шетелдегі отандастармен жұмыс департаментінің басқарушы директоры Лаура Болатова қазақ тілін, ұлттық салт-дәстүрді сақтау және болашақ ұрпаққа

мұра ету бағытындағы Қоғам тарапынан жасалып жатқан жобаларын таныстырды. Баяндама шетелде ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығын арттыруға арналған жобаларды қамтыды.

Сондай-ақ этнограф және «Қазақтың бірегей тағамдары» кітабының авторы Әйгерім Мұсагажинова қазақ асханасын насихаттауға арналған жобаларын айтып өтті. Кореядан келген Әсел Маханова Q-NOMAD қауымдастығының атынан «Дәстүрден — жаһандық бірлікке» тақырыбында баяндама жасап, қазақ мәдениетінің әлемдік қауымдастықта қалай танылып жатқаны туралы айтты.

Құрылтай барысында Малайя университетінің Тілдер және лингвистика факультетінің декан орынбасары, доктор Азлин Заити Зайнал университет қабырғасында қазақ тілі курстарының ашылатыны туралы қуана хабарлады. Бұл курс — қазақ тілін шетелдік білім ордасында оқыту бойынша маңызды қадам және Қазақстан мен Малайзия арасындағы мәдени байланысты нығайтуға үлес қосады. Доктор Азлиннің айтуынша, курс Малайя университетінде қазақ тілін үйренуге ниет білдірген студенттер мен оқытушыларға арналған. Ол курстың даму жоспары туралы ақпарат беріп, қазақ тілінің грамматикасы, лексикасы және мәдениетпен тығыз байланысты



аспектілерін қамтитынын айтты. Осы бастаманың арқасында қазақ тілі мен мәдениеті шетелдік студенттер арасында кеңінен танылып, екі ел арасындағы білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізеді.

Белгілі продюсер, «МурАй» продакшн негізін қалаушы Айсәуле Әбілдә ұлттық құндылықтар мен ұлттық бірегейлік тақырыбында терең мазмұнды баяндама жасады. Ол қазақ халқының рухани мұрасын сақтап, оны қазіргі жаһандық қоғамда танымал етудің маңыздылығын атап өтті. Айсәуле Әбілдә ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы қазақтың төл мәдениеті мен бірегейлігін сақтау қажет екенін ерекше атады. Ол ұлттық бірегейлік әрбір қазақтың жүрегінде болуы тиіс деген көзқарасын

білдіріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, тіл мен салт-дәстүрлерді сақтаудың маңызын түсіндірді. Айсәуле Әбілдәнің сөзі құрылтай қатысушыларына ұлттық мәдениетті жаңғыртып, оны әлемдік қауымдастықта танытуға бағытталған маңызды ой-пікірлермен шабыт берді.

Құрылтай барысында қазақ мәдениеті мен руханиятын әлемдік қауымдастыққа таныту, экономикалық байланыстарды нығайту және шетелдегі қазақтардың бірлігін арттыру мәселелері басты назарда болды. Осы Құрылтай қазақ халқының рухани, мәдени және экономикалық байланыстарын жанаша деңгейге шығаруға ұмтылған маңызды қадамға айналды.

Бетті дайындаған Мерей ІЛТИПАТҚЫЗЫ

 NUR MEDIA AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет: БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНЗҰАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklatama.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4523 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Өлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	--	--	---